

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

САУД АРАБИЯСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ

Серикпаева Алтынай Тулеуовна

Serikpaevaaltynaj@gmail.com

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.М. Ильясова

Сауд Арабиясы геосаяси кеңістіктегі ең маңызды ойыншы болып табылады. Мемлекет мұнай қорына ең бай және «қара алтын» ел экономикасының өркендеуінің негізі болып саналады. Қазіргі заманда Корольдіктің экономикалық модернизациясы - әлемдік экономикада ең маңызды жобалардың бірі. Ел экономикасы мұнай факторына тікелей тәуелді. Мұнай және газ кен орындарын бақылау мемлекеттік *Saudi Aramco* компаниясына (әлемдегі ең ірі мұнай компаниясы) тиесілі. Мұнай экспорты елдің экспорттық кірісінің 90%-ын, бюджет кірісінің 75%-ын және ЖІӨ-нің 45%-ын қамтамасыз етеді. Сауд Арабиясында әлемдегі мұнай қорының шамамен бестен бірі бар. Бұл дәлелденген 268 миллиард баррель [1].

Корольдіктің мұнай өнеркәсібінің дамуында шетелдік капитал ерекше рөл атқарады. Мұндағы мұнай кен орындарын американдық компаниялар игеріп, экономикалық айналымға енгізген. Нәтижесінде АҚШ пен Сауд Арабиясының экономикалық мүдделерінің сәйкес келуіне байланысты стратегиялық серіктестік қалыптасты. Сауд Арабиясында нәтиже бермеген алғашқы мұнай концессиясы 1923 жылы Лондонда құрылған компанияға қазіргі заманғы шекараларда мемлекет құрылғанға дейін берілді. Сауд Арабиясының болашақ королі Ибн Сауд Араб түбегі территориясында орталықтандырылған мемлекет құру жолындағы кескілескен күресті өз атымен елге берді. Қару-жарақ сатып алу және тайпаларды бағындыру, көсемдерді пара беру, сондай-ақ өз әкімшілігінің жұмысын қамтамасыз ету үшін әскери операцияларды қаржыландыру үшін қаржы ресурстары өте қажет болды. Корольдік қазынаға негізгі валюта ағынын 20 ғасырдың басында мұсылман қажылығы қамтамасыз етті. Дегенмен, Бірінші дүниежүзілік соғыс бұл кірістерді айтарлықтай тұрақсыз етті. Көршілес Иранның тәжірибесі мұнайдың тұрақты табыс көзі ретіндегі әлеуетін көрсетті, бұл Сауд Арабиясының мұнай өнеркәсібіндегі мүмкіндіктерді іздеуіне ынталандырды. 1932 жылы Сауд Арабиясы тәуелсіздігін алды, ал 1933 жылы Калифорниядағы американдық стандартты мұнай концессияға *Standard Oil of California* ие болды, ол британдық *Iraq Petroleum* компаниясымен салыстырғанда қолайлы шарттарды ұсынды. Сауд Арабиясында 1936 жылы басталған коммерциялық мұнай өндіру елдің экономикалық дамуындағы жаңа кезеңді белгілеп, 1939 жылы мұнайды экспорттауды бастауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, *SOCAL* 1928 жылғы «Қызыл сызық» картельдік келісімінің қатысушысы емес екендігін айта кету керек, оған сәйкес ірі еуропалық және американдық мұнай компаниялары бұрынғы Осман империясының мұнай кен орындарын бөлісті. 1946 жылы Сауд Аравия мұнай секторынан алғаш рет шетелдік компаниялардан қажылықтан түсетін рекордтық қазынадан асып түсетін төлемдер алды. 1936-1948 жж бастапқы *SOCAL* концессиясы бірнеше кезеңмен төрт американдық компаниядан тұратын әлемдегі ең ірі мұнай консорциумы *The California Arabian Standard Oil Company* болды: *Standard Oil of California*, *Exxon*, *Mobil* және *Texaco*. 1944 жылы ол *Aramco* (*Arabian American Oil Company*) атауын алды. *Aramco* Делавэр штатында құрылды.

АҚШ-пен стратегиялық серіктестік оң әсер етті және тұтастай алғанда Корольдікке әлемдегі ең ірі мұнай өндіруші болуға және жаһандану процесінде маңызды рөл атқаруға мүмкіндік берді [2, 98-99 бб.].

Араб елдерінде соңғы үш онжылдықта жүргізілген экономикалық модернизациясы негізінен тәуелсіздік алғаннан кейін басталған процестердің жалғасы болып табылады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған кезеңде араб аймағы мемлекеттерінің экономикасында сыртқы

және ішкі жағдайлардың өзгеруіне байланысты олардың ұлттық экономикаларын ырықтандыру және реформалау, әртараптандыру саясаты арқылы ішкі нарықтарды нығайту және дүниежүзілік экономикалық кеңістікке интеграцияның күшеюі айқын көріне бастады. Билеуші режимдер объективті себептердің қысымымен әлеуметтік-экономикалық саясаттың кейбір маңызды бағыттарын қайта қарауға, құрылымдық реформалар жүргізуге, нарықтық қатынастарды, жеке кәсіпкерлікті ынталандыру шараларын қабылдауға және т.б. мәжбүр болды. Бұл өте ауқымды ағым елдің жаһандық дамудағы секіріс жасауға көмектесіп, кедейлік, білімсіздік, артта қалушылық деңгейінен шығуға және дамыған батыс елдерінің деңгейімен салыстырылатын жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ислам өркениеті мен қазіргі Батыс өркениетінің кейбір жетістіктеріне негізделіп, Сауд патшалығы бедуин қоғамынан модернизацияланған мемлекетке айналып отыр [3].

2016 жылдың 25 сәуірінде Салман ибн Абдул-Азиз әл-Саудтың ұлы, тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман Сауд Арабиясының «Араб және ислам әлемінің жүрегі, инвестициялық орталық және үш континентті байланыстыратын хаб» мәртебесін растауға арналған «*Saudi Vision 2030*» ауқымды экономикалық бағдарламасын жариялады. Реформа ішінара 2014 жылы мұнай бағасының күрт төмендеуі себебінен елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуымен байланысты. Содан кейін тақ мұрагері бен Салман Сауд Арабиясының әлемдік нарықтағы мұнай бағасының құбылмалылығынан бұдан былай зардап шегуіне жол бермейтінін айттып, жасыл энергетиканы дамытуға, жаңартылған көздер бойынша көшбасшы атануға сөз берді. Сондықтан Мұхаммед бин Салман Vision 2030 аясында мұнай тапқыншылығын азайтуға міндет қойды. Бұл көзқарас табысқа әкелген идея болды. Мұрагер ханзада экономиканы әртараптандырып, оны макроэкономикалық деңгейде жақсартты [4].

«Vision 2030» - Сауд Арабияны дамыту тұжырымдамасының жобасы өркендеген экономика мен өршіл елдің негізі ретінде қызмет ететін белсенді қоғам құруға арналған. Ол бірқатар ұзақ мерзімді мақсаттар мен стратегияларды қамтиды, мысалы, субсидияларды қысқарту, тәуелсіз әл-ауқат қорын құру, Saudi Aramco-ны ішінара IPO арқылы жеке инвестицияларға ашу, туризм мен қорғаныс салаларындағы реформалар енгізу.

Белсенді қоғам, өркендеген экономика және өршіл ұлт құру басты мақсаттар реформаның негізгі бағыттарын айқындайды. Бірінші міндетке қол жеткізу үшін Сауд Арабиясы өз халқына және ислам дініне баса назар аудара отырып, жылына Умраға келушілер санын 8 миллионнан 30 миллионға дейін арттыру; әлемдегі ең ірі ислам мұражайын құру; ЮНЕСКО-да тіркелген Сауд Арабиясының мұра нысандарының санын екі есеге арттыру; Корольдіктегі мәдени және ойын-сауық мүмкіндіктерінің өсуіне ықпал етуді жоспарлап отыр. Ал өркендеген экономиканы құрастыру үшін Корольдік экономикасын әртараптандыру және ел азаматтарына жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жасайды. Бұл білім беру, кәсіпкерлік және инновация сияқты салаларын жақсартып, өңдеу өнеркәсібі, жаңартылатын энергия көздері және туризм сияқты дамымаған салаларды ашуды талап етеді [5].

Сауд Арабиясы - діни маңызды орталық, себебі екі қасиетті мешіттің, Мекке мен Мединаның мекені болып табылады. Саудиялықтар қажылық пен умра зияратшыларын қарсы алу арқылы құрметтейді. Модернизацияның шеңберінде екі қасиетті мешіттің қажыларды қабылдау мүмкіндігін кеңейту мақсат көзделді. Көптеген инфрақұрылымдар қосылатын болады, мысалы, Таиф пен Джиддадағы жаңа әуежайлар және 2030 жылы умра қажыларының санын 30 миллионға арттыру жоспарланды [6]. Сонымен бірге, модернизациялық маңызды қадам Сауд Арабиясы Корольдігінің басым әл-Сауд отбасы алғаш рет өзінің Saudi Aramco (мұнай компаниясының) алғашқы акцияларын орналастыруды (IPO) бастады. Акцияның мақсатты бағасы 8 АҚШ долларын құрады, бұл жалпы нарықтық капиталдандыруды 1,2 триллион АҚШ доллар көрсеткішке өсуі, Saudi Aramco-ға Apple және Microsoft сияқты технологиялық алпауыттарды қосылып, әлемдегі ең құнды компанияға айналдыруға мүмкіндік берді. Жаңа технологияларды зерттеуге және әртүрлі салалардан талантты кадрларды тартуға бағытталған реформалар арқылы

Agamso жаһандық ауқымы бар әртараптандырылған корпорацияға айналды [7]. Туризм саласында Сауд Арабиясының тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманның стратегиялық маңызды шешімі туристік индустрияны дамыту және инвестиция тарту аясында «жасыл карта» жүйесін енгізу болды. Бұл жүйені енгізу экономиканың әртүрлі салаларына шетелдік инвестициялар мен мамандарды тарту процесін жеңілдетуді көздейді. Бұл бастама шетелдіктердің елде демеушісіз тұрып, жұмыс істеуіне, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер мен мекемелерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, карта иелері отбасы мүшелерін Сауд Арабиясына тұруға шақыра алады [8]. Сауд Арабиясы көптеген халықаралық бастамалардың мүшесі, мысалы, Киото хаттамасының (атмосфераға парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін жасалған халықаралық келісім) қатысушысы болып табылады. Сауд Арабиясы дәстүрлі отын мен энергия өндірушісі болғанымен, ол үшін бірқатар себептерге байланысты «жасыл экономика» өте маңызды:

Бұл әлемдегі ең ластаушы елдердің ондығына кіреді;

Сауд Арабиясы көрші мемлекеттер сияқты энергияны тиімсіз пайдаланады;

Ел су ресурстарының өткір тапшылығын бастан кешіруде және энергияны көп қажет ететін тұщыландыру қондырғылары арқылы өзін ауыз сумен қамтамасыз ету арқылы өмір сүреді.

Сонымен бірге Сауд Арабиясы да жаңартылатын энергияны дамытуда үлкен жетістіктерге жетті. Оның барлық өнеркәсіптік кәсіпорындарында қуатты ағынды суларды тазарту қондырғылары болуымен қатар, қоршаған ортаны ластаушы компаниялар саябақ салуда [9].

Арнайы экономикалық аймақтар немесе экономикалық қалалар - тақ мұрагері Мұхаммед бен Салманның экономикалық көзқарасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл таза мұнайға негізделген экономикадан Сауд Арабиясы үшін жаңа дәуірді бастайтын параллельді экономиканы құруға жылжу тәсілі. АЭА – бұл негізгі экономиканың басқа географиялық аймақтарынан ерекшеленетін құқықтық база және бәсекелестік артықшылықтар арқылы жұмыспен қамтуды, сауданы және инвестицияларды қоса алғанда, нақты экономикалық қызметке жәрдемдесуге бағытталған географиялық рұқсат етілген аумақтар. Аймақтар елдің негізгі өсу секторларына назар аударады: озық өндіріс, денсаулық сақтау технологиясы және бұлтты есептеулер. Негізгі мақсаты - Корольдікті халықаралық бизнес орталығына айналдыру.

Абудулла экономикалық орталығы (КАЕС) АЭА озық өндіріс пен логистиканың жетекші орнына айналады. Ол елдің солтүстік-батысында орналасқан. Бұл аймақ ең жылдам дамып келе жатқан өндірістік жәннен логистикалық орталық.

Абдул-Азиз өнеркәсіптік қала (КАИС) Мекке провинциясындағы қала. Ол Қызыл теңіз жағалауында Джидданың солтүстігінде орналасқан.

Джазан (JEC) - Қызыл теңіз жағалауында, Еуропаға, Қиыр Шығысқа және Парсы шығанағына апаратын негізгі шығыс және батыс теңіз сауда жолдарына жақын орналасқан. Джазан экономикалық қаласы Сауд Арабиясының экономикалық өркендеуінің негізгі қозғалтқыштарының біріне айналды.

Джубейл (JIC) - бұл Сауд Арабиясындағы ең ірі индустриялық аймақтардың бірі. JIC Даммам аймағының солтүстігінде Парсы шығанағының жағасында орналасқан [10].

Қорытындылай келе, Батыс елдеріне еліктеу үрдісі Сауд Арабиясында өте қарқынды дамып жатыр. Бұл ауқымды трансформация корольдік экономикасын әртараптандыруға, оның мұнай секторына тәуелділігін азайтуға және жеке кәсіпкерлік пен жаңа технологияларды дамыту үшін тұрақты жағдай жасауға бағытталған. Осы мақалада Сауд Арабиясы басты мемлекеттік Saudi Agamso кампаниясы жайлы, Мұхамед бин Салман ұсынған реформасы мен мен оның аясындағы асырылып жатқан бағыттары қозғалды. Сонымен бірге Корольдіктің модернизациясының ерекшеліктеріне сипаттама берілді. Үш тұғырға – қоғам, экономика және ұлтқа негізделген Vision 2030 бағдарламасы корольдіктің мұнай кірістеріне тәуелділігін азайтуға, экономиканы жаңғыртуға және медицина, білім, инфрақұрылым мен туризмді салаларының дамуын арттыруға арналған. Осындай өршіл мақсатқа жету үшін «Жасыл бағдарламаларды»

асыру маңызды бағыт болып саналады. Ал шет инвестицияларды тарту және Сауд Арабиясының бизнеске ашық екенін көрсету үшін арнайы экономикалық аймақтардың ашу шешуші рөлді атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Запасы нефти в Саудовской Аравии // URL: https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Запасы_нефти_в_Саудовской_Аравии (20.03.2024)
2. Жуков С., Копытин И., Резникова О. САУДОВСКАЯ АРАВИЯ НА МИРОВОМ РЫНКЕ НЕФТИ / МИРОВАЯ ЭКОНОМИКА И МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ, 2021, том 65, No 9, с. 98-107.
3. Руденко Л.Н. Экономическая модернизация в арабских странах / институт востоковедения РАН, УДК 339.92 / 2016. / 18-30 сс.
4. Малов. А. Саудовская Аравия между нефтью и реформами // URL: <https://www.vedomosti.ru/opinion/articles/2017/07/28/726502-saudovskaya-araviya> (21.03.2024)
5. Кушаева. Н.Б. «Видение 2030» — амбициозная «дорожная карта» Саудовской Аравии в будущее / Н.Б. Кушаева. — // Молодой ученый. — 2023. — № 51 (498). — С. 411-414. — URL: <https://moluch.ru/archive/498/109492/> (Есепке алынған күні: 25.03.2024).
6. Как Саудовская Аравия делает на паломниках и туристах миллиарды долларов // URL: <https://dzen.ru/a/XLDH3XcLXACvIbJi> (Есепке алынған күні: 24.03.2024)
7. Нефтяная компания Saudi Aramco может привлечь до \$20 млрд // URL: <https://quote.rbc.ru/news/article/65f2dea89a7947f3179f247b?from=copy> (24.03.2024)
8. Вид на жительство грин-карты Саудовской Аравии // URL: <https://saudi-arabia-evisa.com/ru/blog/saudi-arabia-green-card-residence-permit/> (Есепке алынған күні: 24.03.2024)
2. Нефть, «зеленая экономика» и IT: что нужно знать о Саудовской Аравии // URL: <https://trends.rbc.ru/trends/industry/63185af09a794718ee3d8f64?from=copy> (Есепке алынған күні: 24.03.2024)
3. How Saudi Arabia's new special economic zones signal that the Kingdom is open for business // URL: <https://www.arabnews.com/node/2289801/saudi-arabia> (Есепке алынған күні: 24.03.2024).

ӘОЖ 821.581

«ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС» РОМАНЫ ЖІНЕ ОНЫҢ БАСҚА ТІЛДЕРГЕ АУДАРЫЛУЫ

Сырымова Майра Құрманғазықызы

mairasyrymova01@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А. Әлібекұлы

«Қызыл сарайдағы түс» қытай әдебиетіндегі кейіпкерлердің ішкі, эмоционалдық және психологиялық жағын сипаттауға тырысқан алғашқы роман болып саналады. Оның басқа романдармен салыстыруға келмейтіндігі оны Қытайдағы қалың оқырман үшін бұрынғыдан да тартымды етеді. Қазіргі уақытта зерттеу мен талқылаудың ең танымал тақырыптарының бірі - «Қызыл сарайдағы түстің» Қытай мәдениетімен байланысы. Біріншіден, ол әлі күнге дейін Қытай қоғамы өмірінің және Қытай мәдениетінің әртүрлі аспектілерін көрсететініне назар аударылады. Сонымен, бұл роман «Қытай қоғамының болмысының энциклопедиясы» деп аталды. Екіншіден, қазіргі уақытта «Қызыл сарайдағы түс» роман ғана емес, Қытай халқының өмірінің ажырамас